

ӨОЖ 378.6+ 372.879.6

С.С. Жұмашева, М.Р. Сағидуллаев

Қазақтың спорт және туризм академиясы, Қазақстан, Алматы қ.

**Дене шынықтыру мұғалімінің педагогикалық құзыреттілігін қалыптастыру проблемалары**

**Аңдатпа.** Мақалада авторлар денешынықтыру мұғалімдерінің педагогикалық құзыреттілігін қарастырған және «құзыреттілік», «біліктілік» ұғымдарының ара-қатынасын ашқан, практикалық тұрғыдан тәжірибе жүргізген. Қазақтың спорт және туризм академиясында, Алматы қаласының №122 мектеп-гимназиясында, Алматы қаласы И.В. Панфилов атындағы №54 Қазақстан-Ресей гимназиясында, Жамбыл облысы Меркі ауданындағы №20 орта мектебінде жүргізілген тәжірибелік жұмысының нәтижелері көрсетілген.

**Түйін сөздер:** құзыреттілік, педагогикалық құзыреттілік, біліктілік, кәсіби құзырлы маман, педагогикалық құндылықтар.

Қазіргі заман педагогінен тек өз пәнінің терең білгірі болуы емес, сонымен қатар ол танымдық, педагогикалық-психологиялық сауатты, саяси-экономикалық білімді және инновациялық технологияны жан-жақты меңгерген, жоғары мәдени, педагог атағына ие, кәсіби құзырлы маман болу талап етілуде [1].

Құзыреттілік – педагогикалық ұғым, әлеуметтік ерекше қабілет, оның әртүрлі түсініктері мен әр қырлы сипаттамаларын талдау арқылы біз болашақ дене шынықтыру пәні мұғалімдерінің педагогикалық құзыреттілігінің мәні мен құрылымдық көрсеткіштерін анықтадық [2].

Дене шынықтыру және спорт педагогикасының құндылықтары мен потенциалы арқылы болашақ дене шынықтыру пәні мұғалімінің кәсіби педагогикалық дайындығын жан-жақты жетілдіруге бағытталған В.В. Белорусованың, И.Н. Решетиннің, М.В. Прохорованың, А.А. Сидоровтың, С.С. Жұмашеваның ғылыми еңбектерінен басқа, болашақ дене шынықтыру мұғалімі педагогикалық құзыреттілігін қалыптастыру жолдары күні бүгінге дейін зерттелмеген [3].

Дене шынықтыру пәні мұғалімі және спорт жаттықтырушы еңбегінің түрлі аспектілерін талдауға бағытталған Г.Д. Бабушкин, Г.Е. Баева, А.Э. Болотина, А.М. Дикуннов, М.Е. Дура-

нов, Н.Н. Жмарев, И.Х. Кобер, И.А. Потапов, В.Н. Прохоров, т.б. ғылыми зерттеулерінде көрсетілгендей, спорт мамандарының кәсіби әрекеті жүйесіндегі ең басты компоненттерінің бірі – ол педагогикалық компонент. Мысалы, қосымша білім беру саласындағы түрлі категорияларымен (балалар, жеткіншектер мен ересектер, т.б.) жүргізілетін спорттық жұмыстарында педагогикалық білімдер мен педагогикалық дағдылар қажет, жалпы дене мәдениеті проблемаларын шешу үшін педагогикалық әдістерді қолданады. Сонымен бірге дене шынықтыру мұғалімінің өзінің іс-әрекетінің мазмұндық және процессуалдық компоненттерін қазіргі инновациялық педагогикалық технологияларды қолдану арқылы жүйелеуде. Қорыта айтқанда, педагогикалық құзыреттілік спорттық педагогтің көпаспектілі әрекеттері кезінде нақты мақсатталған, нәтижелі шешімдер қабылдауына өз септігін тигізеді [4].

Осылардың барлығын ескере отырып, дене шынықтыру пәні мұғалімдерінің теориялық және практикалық кәсіби дайындығының ең маңызды міндеті ретінде болашақ дене шынықтыру пәні мұғалімдерінің педагогикалық құзыреттілігін қалыптастыруды белгілеуге болады. Өкінішке орай, қазіргі дене шынықтыру пәні мұғалімдерінің тәжірибелерін зерттеу барысы

көрсеткендей, мынадай қарама-қайшылықтарды атап өткен жөн:

– жоғары кәсіптік білім беру саласының модернизациялауы жағдайында дене шынықтыру және спорт мамандығы студенттерінің кәсіби-педагогикалық құзыреттілігін қалыптастыру қажеттілігі мен оны әдіснамалық қамтамасыз етудің жеткіліксіз деңгейі;

– жоғары білім беру саласында студенттерді оқытудың қалыптасқан жүйесі мен олардың кәсіптік дайындығына қойылатын талаптардың өсуі, сондай-ақ осы талаптарды орындауда тұлғалық-бағдарлы оқыту технологияларының мүмкіндіктерінің орынды пайдаланылмауы.

Осы аталған қарама-қайшылықтардың тиімді шешімін іздестіру бағытында жүргізілген жұмыстарымыздың бір бөлігі ретінде біз дене шынықтыру мұғалімінің педагогикалық құзыреттілігін қалыптастырудың кейбір мәселелеріне тоқталып отырмыз. [5] Сондықтан да бұл мәселені зерттеуде дене шынықтыру пәні мұғалімінің педагогикалық құзыреттілігін ғылыми-теориялық тұрғыдан негіздеу және оны қалыптастыру жолдарының тиімділігін тәжірибе жүзінде дәлелдеуді мақсат етіп қойып отырмыз.

Бұл мақсаттан:

– болашақ дене шынықтыру пәні мұғалімінің педагогикалық құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық негіздерін айқындау;

– болашақ дене шынықтыру пәні мұғалімінің педагогикалық құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық жолдарын анықтау;

– болашақ дене шынықтыру пәні мұғалімінің педагогикалық құзыреттілігін қалыптастыру жолдарының тиімділігін тәжірибе арқылы тексеру, ғылыми-практикалық ұсыныстарын практикаға ендіру міндеттері туындайды.

Зерттеу міндеттері бойынша тәжірибелік жұмысы Қазақтың спорт және туризм академиясында, Алматы қаласының №122 мектеп-гимназиясында, Алматы қаласы И.В. Панфилов атындағы №54 Қазақстан-Ресей гимназиясында, Жамбыл облысы, Меркі ауданындағы №20 орта мектебінде жүргізілді.

Зерттеу барысында келесі ғылыми-педагогикалық зерттеу әдістері қолданылды: ғылыми әдебиеттерді зерттеу, талдау, салыстыру, модельдеу, т.б. теориялық деңгей әдістері; сонымен қатар бақылау, педагогикалық эксперимент, сұрақ-жауап, сауалнама, педагогикалық құжаттарды зерттеу, т.б. экспериментальды-

эмпирикалық деңгей әдістері. Сонымен, зерттеу барысында:

– «дене шынықтыру және спорт» мамандығы бойынша дене шынықтыру пәні мұғалімінің педагогикалық құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық негіздері;

– дене шынықтыру пәні мұғалімі педагогикалық құзыреттілігінің моделі тәжірибеден өтті және педагогикалық жолдары ретінде тұлғалық-бағдарлы технологиялары;

– болашақ дене шынықтыру пәні мұғалімі педагогикалық құзыреттілігінің қалыптастырудың педагогикалық жүйесі;

– тұлғалық-бағдарлы технологиялар жүйесіндегі портфолио және жобалау әдістеріне сипаттама берілді; ғылыми-практикалық ұсыныстар сынды жаңалықтар жүзеге асырылады. Бұдан зерттеудің төмендегідей:

1. Жалпы білім беретін орта мектептеріне «Дене шынықтыру пәні мұғалімінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру жолдары» атты ақпараттық-әдістемелік семинар материалдары, сонымен қатар «Құзыретті дене шынықтыру» атты жобасы және «Дене шынықтыру пәні мұғалімінің портфолиосы» тәжірибеден өтті.

2. Жалпы білім беретін мектептер мен гимназияларына «дене шынықтыру пәні мұғалімінің портфолиосы» және «құзыретті дене шынықтыру мұғалімдері» атты жобасы енгізілді.

3. Зерттеу нәтижелерін дене шынықтыру пәні мұғалімдерінің педагогикалық құзыреттілігін дамытуда, спорттық педагогтардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау орталықтары мен қосымша білім беру факультеттерінде, сонымен бірге жалпы орта білім беретін мектептер мен гимназиялардың үрдісінде пайдалану практикалық маңыздылығы туындайды.

Сонымен, зерттеудің, анықтаушы эксперимент кезінде студенттердің «Дене шынықтыру және спорт педагогикасы» пәні бойынша оқу-әдістемелік құжаттары, соның ішінде өзіндік жұмыстары, педагогикалық практика құжаттары, практикант күнделіктері мен практиканттың жеке есептері; осы практика барысында өткізген ғылыми-зерттеу жұмыстарының материалдарымен танысып, зерттедік. Сонымен қатар бақылау, сауалнама, сұрақ-жауап, әңгімелесу, салыстыру сияқты зерттеу әдістерін қолдандық.

Қалыптастыру эксперименті барысында тұлғалық-бағдарлы технологиялар жүйесіндегі портфолио, жобалау әдістерін қолдану арқылы

болашақ дене шынықтыру пәні мұғалімдерінің педагогикалық құзыреттілігін қалыптастыру жолдарын анықтадық.

Зерттеу нәтижелерін анықтау барысында бақылау, сауалнама, сараптап бағалау әдістері, т.б. қолданып отырдық. Сонымен бірге салыстыру және ендіру, статистикалық зерттеу әдістері, қорыту әдістері пайдаланылды. Болашақ дене мәдениеті мамандарының педагогикалық құзыреттіліктерінің бастапқы деңгейін анықтау үшін біз «Дене шынықтыру және спорт» мамандығы бойынша жоғары курс студенттеріне арналған сауалнама өткіздік.

«Құзыреттілік, біліктілік» деген ұғымды қалай түсінесіз? сұрағына респонденттердің 57%-ы бұны «білімді педагог» деп түсінеді, келесі 13%-ы «жан-жақты білімді педагог», қалған 30%-ы бұл ұғымды «өз мамандығын жақсы түсіну» дейді.

Сауалнаманың «Педагогикалық құзыреттілік» деген ұғымды қалай түсінесіз?» атты сұрағына ешбір қатысушы дұрыс жауап бере алмаған. Осы сұрақтардан кейін «Дене шынықтыру пәні мұғалімі педагогикалық құзыреттілігі деген – ол...» сұрағына да дұрыс жауап жоқ. Сауалнаманың келесі «Білікті жаттықтырушыға тән қабілеттілікті белгілеңіз» деген сұраққа ең көп 54% алған қабілет – «ұйымдастырушылық», содан кейін «педагогикалық» – 47%, келесі «техникалық» – 42%; «практикалық» – 39%. Ең төмен ұпай алған қабілеттілік – ол «конструктивтік».

Осы сауалнаманың талдауы көрсеткендей, болашақ маман иелері «құзыреттілік», «біліктілік», «педагогикалық құзыреттілік» ұғымдарын ажыратып, дұрыс, нақты жауап бере алмады.

Теориялық моделдің көрсеткіштері негізінде осы сауалнаманың қорытындысы ретінде – болашақ маман иелерінің педагогикалық құзыреттіліктері жеткіліксіз және осы бағытта жұмыстануды талап етеді.

Сонымен бірге зерттеу міндеттері бойынша біз тәжірибе кезінде «Дене шынықтыру және спорт педагогикасы» пәнінің типтік оқу бағдарламасы және педагогикалық практиканың типтік оқу бағдарламасы, оқу жоспарлары мен «Дене шынықтыру және спорт» мамандығы бойынша Жалпыға міндетті білім беру стандартын зерттеу міндеттеріне байланысты талдаудан өткіздік. Нормативтік құжаттарды зерттеу кезінде теориялық талдау мен синтез, салысты-

ру әдістерін қолдану арқылы олардың болашақ спорттық педагогтардың кәсіби-педагогикалық құзыреттілігін қалыптастыруға бағыттылығы мен мүмкіншіліктері саралаудан өтті.

Қорытынды: зерттеу міндеттері бойынша жүргізілген тәжірибелік-эксперименттік анықтаушы кезеңінде 2-4 курс студенттерінің, спорт жаттықтырушылары мен дене шынықтыру пәні мұғалімінің педагогикалық құзыреттілігінің деңгейін анықтау үшін және осы кәсіби маңызды тұлғалық қасиетті қалыптастыру жолдары ретінде тұлғалық-бағдарлы технологияларды қолдану әдістемесі тәжірибеден өтті.

Қалыптастырушы эксперимент барысында «Дене шынықтыру және спорт педагогикасы» пәнінен сабақ кезінде құзыреттілікке бағытталған түрлі жобаларды және кәсіби-педагогикалық практикада арнайы тапсырмалар орындаудың нәтижесінде мынадай эксперимент «өнімдері» іске қосылды: «Практикант портфолиосы», «Болашақ дене шынықтыру пәні мұғалімінің портфолиосы», «Құзыретті дене шынықтыру» жобасы, т.б. Қалыптастырушы эксперимент барысында өткізілген арнайы тапсырмалардың өлшемі ретіндегі теориялық моделі бақылаудан өтті. Нәтижесінде эксперимент топтарындағы студенттердің педагогикалық құзыреттілігінің деңгейі көтерілгені дәлелденді.

## Әдебиеттер

1 Андринова В. Педагог кадрлардың құзыреттілігін қалыптастыру // Қазақстан мектебі. – 2009. – №4. – 64-66 б.

2 Жұмашева С.С. Спорт жаттықтырушысы педагогикалық шеберлігінің ерекшеліктері // Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің хабаршысы. Педагогикалық ғылымдар сериясы. – 2009. – №3 (28). – 112-118 б.

3 Жұмашева С.С., Джаулбаев С. Система формирования педагогической компетентности будущего тренера по видам спорта // Поиск. – 2010. – №2. – С. 306-310.

4 Жұмашева С.С. Спорттық педагогтің кәсіби құзыреттілігін дамытуда шетел тәжірибесін пайдалану мүмкіндіктері // Білім-Образование. – 2010. – №2 (51). 27-31 б.

5 Тоқтағанова А.С. Мұғалімнің кәсіби-тұлғалық құзыреттілігін дамыту-нәтижелі білім факторы // Қазақстан жоғары мектебі. – 2007. – №4. – 16-18 б.

**С.С. Жұмашева, М.Р. Сагидуллаев**

**Проблемы формирования педагогической компетентности учителей физической культуры**

В данной статье рассмотрены проблемы и особенности формирования педагогической компетентности учителей физической культуры. Авторами проведен сопоставительный анализ терминов «компетенция», «квалификация», «педагогическая компетенция», выявлены особенности каждой категории в подготовке учителей физкультуры. В статье приводятся результаты опытной работы, проведенной в Казахской Академии спорта и туризма, в школе-гимназии №122 г. Алматы, Казахстанско-Российской гимназии им. И.В. Панфилова г. Алматы, в средней школе №20 Меркенского района Жамбылской области.

**Ключевые слова:** компетенция, педагогическая компетентность, учитель физической культуры и спорта.

**S.S. Zhumasheva, M.R. Sagidullaev**

**Problems of forming pedagogical competence at the teachers of physical culture**

In this article there are considered the problems and peculiarities of forming of pedagogical for competence of the teacher of physical culture. The authors conducted the сопоставительный analysis of the terms «competence», «qualification», «pedagogical competence», the peculiarities of each category in the preparation of teachers of physical training. The article presents the results of experimental work conducted in the Kazakh Academy of sport and tourism, in the school-gymnasium №122 g. Almaty, Kazakhstan-Russian gymnasium. I.V. Panfilova str. Almaty, in secondary school №20 of the Merke district of Zhambyl oblast.

**Keywords:** competence, pedagogical competence, teacher of physical culture and sports.